

"Мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 3-2/378 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 10 наурыздағы № 112 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 шілдеде № 15390 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 340 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.11.2020 № 340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 3-2/378 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11284 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім өндіру үшін оны сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жеке қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) Министрліктің www.mgov.kz интернет-ресурсында;
- 2) көрсетілетін қызмет берушінің интернет-ресурсында;
- 3) Мемлекеттік корпорацияның www.goscorp.kz интернет-ресурсында;
- 4) egov.kz. порталында орналастырылған.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары ірі қара малдың импортталған асыл тұқымдық өніміне (материалына)

берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты қоспағанда, экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініш қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының кеңсесі (бұдан әрі – кеңсе);

3) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кеңсеге, Мемлекеттік корпорацияға, сондай-ақ порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) тиісті айда квота мен қаражат болған жағдайда, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға құжаттар тапсырған сәттен бастап – 17 (он жеті) жұмыс күні, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бойынша – 16 (он алты) жұмыс күні;

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) көрсетілетін қызметті алушының кеңсеге құжаттар тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут, Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут;

3) кеңседе көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут, Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға арналған өтінімді қарастыру нәтижелері туралы хабарлама не көрсетілетін қызметті берушінің осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша бас тарту туралы дәлелді жауабы.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы хабарлама жолданады.";

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кеңседе – 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 84-бабына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма (қоса алғанда) аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінім қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) кеңсеге – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға арналған өтінім;

2) Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға арналған өтінім;

жеке куәлік (жеке басын сәйкестендіру үшін);

3) порталға – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұраным.

Кеңсе және Мемлекеттік корпорация:

өтінім беру үшін негіздер пайда болған сәттен бастап 12 (он екі) айдан аспайтын уақыт өткен, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, оның ішінде:

ірі қара малдың, қойлардың, маралдардың (бұғылардың) аналық басымен, сондай-ақ бал ара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге кеткен шығындарды арзандатуға;

отандық және шетелдік шаруашылықтардан ірі қара малдың, қойлардың, ешкілердің, жылқылардың, шошқалардың, түйелердің, маралдардың (бұғылардың) асыл тұқымды төлін сатып алуға кеткен шығындарды арзандатуға;

отандық және шетелдік шаруашылықтардан ет және жұмыртқа бағытындағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын сатып алуға кеткен шығындарды арзандатуға;

жеке және заңды тұлғалардың табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағуға кеткен шығындарын арзандатуға;

мыналардың:

дистрибьютерлік орталықтардың (бұдан әрі – дистрибьютерлік орталық) асыл тұқымды жануарлардың ұрықтарын өткізу бойынша;

асыл тұқымдық орталықтардың жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың және қойдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шығындарын 100 (жүз) пайызға дейін өтеуге;

дистрибьютерлік орталықтар мен асыл тұқымдық орталықтардың ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басын сақтау және қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын арнайы техника мен технологиялық жабдықты сатып алуға кеткен шығындарын 50 (елу) пайызға дейін өтеуге субсидиялар алуға арналған;

өтінім беру үшін негіздер пайда болған сәттен бастап үш айдан аспайтын уақыт өткен, мал шаруашылығының өнімділігі мен өнім сапасын арттыруға, оның ішінде:

бұқашықтарды бордақылау, қозы етін, шошқа етін, жылқы етін, түйе етін, құс (бройлер, күрке тауық, суда жүзетін құс) етін, тағамдық жұмыртқа (тауық және бөдене жұмыртқасы), сүт (сиыр, бие, түйе, ешкі сүті), биязы және жартылай биязы жүн өндіру құнын арзандатуға;

құрамажем зауыттары өндірген және ауыл шаруашылығы кооперативтеріне өткізілген құрамажем құнын арзандатуға;

ауыл шаруашылығы жануарларының азығына кеткен шығындар құнын 50 (елу) пайызға дейін арзандатуға субсидиялар алуға арналған өтінімдерді қабылдайды.

Көрсетілген қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталуы туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның және кеңсенің жұмыскері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Кеңсе және Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері, егер, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде өтінішінің қабылдағанын мыналар растайды:

1) кеңсеге – оның қағаз жеткізгіштегі өтінішінің көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні, уақыты, құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі қойылуы болып табылады;

2) Мемлекеттік корпорацияға - көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;

3) порталға - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрініс табады.

Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беруді оның жұмыскері жеке басты куәландыратын құжат көрсетілген кезде (не оның өкіліне нотариалды сенімхаты бойынша, заңды тұлға өкіліне өкілеттігін растайтын құжат бойынша) қолхат негізінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның сұратуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжатты көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілетін (егер, қағаз жеткізгіште беру жүзеге асырылатын болса, алатын орынды көрсету қажет) хабарлама жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға арналған негіз көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Премьер – Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14813 болып тіркелген) бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 6-тармақтың 1) тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі болып табылады."

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ кеңсенің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің, кеңсенің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым тиісті көрсетілетін қызметті берушінің, кеңсенің басшысының атына беріледі.

Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша жұмыс күндері почтамен жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы, кеңсеге қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысының атына жіберіледі.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның Мемлекеттік корпорацияға, кеңсеге, көрсетілетін қызметті берушіге қабылданғанын растау болып табылады.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті берушінің, кеңсенің, Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары бойынша алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушыға оның шағымының қабылданғаны туралы растау үшін шағымды қабылдаған адам талон береді, онда нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, шағымға жауап алу мерзімі мен орны, шағымның қаралу барысы туралы ақпарат алуға болатын адамның байланыс деректері көрсетіледі.

Электрондық өтінімді портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (шағымның жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, кеңсенің немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почтамен жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде, кеңседе немесе Мемлекеттік корпорацияда қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыларға күту және қажетті құжаттарды дайындау уақытында жағдайлар жасалады (күтуге арналған креслолар, қажетті құжаттар тізбесі мен оларды толтыру үлгілері бар стендтермен жарақталған құжаттарды толтыруға арналған орындар), өртке қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданады.

Кеңсенің және Мемлекеттік корпорацияның ғимараттары дене мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустары бар кіреберіспен жабдықталған болады.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) Министрліктің www.mgov.kz интернет-ресурсында;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;
- 3) Мемлекеттік корпорацияның www.goscorp.kz интернет-ресурсында;
- 4) egov.kz порталында орналастырылған."

көрсетілген стандартқа 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

А. Мырзахметов

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ақпарат және коммуникациялар министрі

_____ Д. Абаев

2017 жылғы " __ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2017 жылғы " __ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2017 жылғы 10 наурыздағы
№ 112 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы 28
сәуірдегі № 3-2/378 бұйрығына
2-қосымша

"Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім өндіру үшін оны сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім өндіру үшін оны сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 22 (жиырма екі) жұмыс күні;

2) қажетті құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан көп емес;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан көп емес.

Көрсетілетін қызметті беруші субсидиялардың бірінші траншын төлеу үшін өтініштерді ай сайын 10-ына дейін, ал екінші транш үшін тоқсандық негізде есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-ына дейін қабылдайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға арналған өтінімді қарастыру нәтижелері туралы хабарлама не көрсетілетін қызметті берушінің осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген негіздер бойынша бас тарту туралы дәлелді жауабы.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма (қоса алғанда) аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінім қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға арналған өтінім;

2) статистика органының құжатты қабылданғаны туралы белгісі бар, кәсіпорынның статистика органдарына тереңдете өңдеп өнім өндірілгені және тиіп-жөнелтілгені туралы есептерінің көшірмелері немесе тереңдете қайта өңдеп өнім өндірілгенін растайтын, кәсіпорын мөрімен куәландырылған құжаттардың (өнімнің қоймаға қабылданғаны туралы қоймалық жүкқұжаттар, аталған өнімнің кіріске алынғаны көрсетілетін бухгалтерлік теңгерім) көшірмелері;

3) тереңдете қайта өңдеп өнім шығару үшін пайдаланылған ауыл шаруашылығы өнімінің сатып алынғанын растайтын құжаттар – қайта өңдеп

өнім өндіру үшін пайдаланылған шикізаттың сатып алынғанын растайтын, кәсіпорын мөрімен куәландырылған құжаттар (шарт, шот-фактура, сатып алу актісі және сатып алынған шикізатқа ақы төленгенін растайтын құжаттар) көшірмелері;

4) қайта өңдеуші кәсіпорынның банктік шотының болуы туралы банктің немесе Ұлттық почта операторының анықтамасы;

5) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік бағдарламаны іске асырудың тиімділігі туралы ақпарат.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті беруші, егер, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті қағаз жеткізгіште қабылдағанын өтініштің көшірмесіндегі құжаттар топтамасын қабылдау күні, уақыты, құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі, аты және әкесінің аты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі растайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға арналған негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10087 болып тіркелген) бекітілген Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларына сәйкес келмеуі болып табылады.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша почтамен жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға жеке тұлға не заңды тұлғаның өкілі қол қояды.

Көрсетілетін қызметті алушыға оның шағымының қабылданғаны туралы растау үшін шағымды қабылдаған адам талон береді, онда нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, шағымға жауап алу мерзімі мен орны, шағымның қаралу барысы туралы ақпарат алуға болатын адамның байланыс деректері көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почтамен жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыларға күту және қажетті құжаттарды дайындау уақытында жағдайлар жасалады (күтуге арналған креслолар, қажетті құжаттар тізбесі мен оларды толтыру үлгілері бар стендтермен жарақталған құжаттарды толтыруға арналған орындар), өртке қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің ғимараттары дене мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустары бар кіреберіспен жабдықталған болады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің www.mgov.kz интернет-ресурсында;

2) көрсетілетін қызмет берушінің ресурсында орналастырылған.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.mgov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Қайта өңдеуші
кәсіпорындардың ауыл
шаруашылығы өнімін тереңдете
қайта өндеп өнім өндіру үшін
оны сатып алуға арналған
шығындарын субсидиялау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша

**Субсидиялар алуға арналған өтінімді қарастыру нәтижелері туралы № _____
_____ хабарлама**

20 _____ жылғы " _____ " _____

(қайта өңдеуші кәсіпорынның атауы)

Жүгінудің мақсаты _____

(субсидияланатын бағыт)

Жүгінген күн 20 _____ жылғы " _____ " _____

Комиссияның шешімі _____

_____ облысы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)

"Қайта өңдеуші
кәсіпорындардың ауыл
шаруашылығы өнімін тереңдете
қайта өңдеп өнім өндіру үшін
оны сатып алуға арналған
шығындарын субсидиялау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша

Өтінім _____

(қайта өңдеуші кәсіпорынның атауы)

"Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау" бюджеттік бағдарламасын іске асыруға қатысуға ниет білдіреді.

1. Бағдарламаға қатысушы туралы мәліметтер:

бизнес - сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, заңды тұлғалар үшін толық атауы _____

жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, жеке тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

заңды мекенжайы _____

нақты мекенжайы, телефоны, факсы, электрондық мекенжайы _____

банктік деректемелері _____

бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қызметтік телефоны _____

электрондық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы бойынша негізгі қызмет түрлері _____

жұмыскерлердің нақты саны _____

кәсіпорынның қуаты жылына _____ тонна (шикізат және/немесе дайын өнім бойынша көрсету).

2. Тереңдете қайта өңдеп өндірілген өнімдердің көлемі (есепті кезең үшін):

1. _____ - _____ кг.
2. _____ - _____ кг.
3. _____ - _____ кг.
4. _____ - _____ кг.

3. Тереңдете өңдеп өнім өндіру үшін пайдаланылған ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу көлемі (есепті кезең үшін):

1. _____ - _____ кг.
2. _____ - _____ кг.
3. _____ - _____ кг.
4. _____ - _____ кг.

Ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу және тереңдете өңдеп өнім өндіру көлемдерін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын.

 (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты Мөр (бар болса) орны
 (бар болса)) қолы, күні

"Қайта өңдеуші
 кәсіпорындардың ауыл
 шаруашылығы өнімін тереңдете
 қайта өңдеп өнім өндіру үшін
 оны сатып алуға арналған
 шығындарын субсидиялау"
 мемлекеттік көрсетілетін қызмет
 стандартына
 3-қосымша

Бюджеттік бағдарламаны іске асырудың тиімділігі туралы ақпарат

Кәсіпорындардың атауы, мекенжайлары, телефондары	ЖСН **, БСН ***	Кәсіпорынның дайын өнім бойынша жобалық қуаты, жылына тонна	Бөлінген субсидиялар, мың теңге*	Өткен жылы тереңдете қайта өңдеп өндірілген өнім, тонна	Есепті кезең ішінде тереңдете қайта өңдеп өндірілген өнім, тонна	Өткен жылғы жүктемесі, % (7 = 5x100/3)	Есепті кезеңдегі жүктемесі, % (8 = 6x100/3)
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе:

*қайта өңдеуші кәсіпорындар алғаш рет өтініш берген кезде 4-баған толтырылмайды;

**ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

***БСН – бизнес - сәйкестендіру нөмірі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2017 жылғы 10 наурыздағы
№ 112 бұйрығына
2-қосымша
"Асыл тұқымды мал
шаруашылығын дамытуды,
мал шаруашылығының
өнімділігін және өнім сапасын
арттыруды субсидиялау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша
1-нысан
_____ облысының
ауыл шаруашылығы басқармасы

Отандық және шетелдік шаруашылықтардан сатып алынған асыл тұқымды ірі қара малға, асыл тұқымды қойларға (ешкілерге), асыл тұқымды айғырларға, асыл тұқымды шошқаларға, асыл тұқымды тұқымдық түйелерге, асыл тұқымды маралдарға (бұғыларға); етті және жұмыртқа бағытындағы асыл тұқымды тәуліктік балапандарға (қажеттісін қалдырыңыз) субсидиялар алуға арналған өтінім

1. Тауар өндіруші (сатып алушы): _____

—
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/заңды тұлғаның атауы)

2. Тауар өндірушінің (сатып алушының) мекенжайы: _____

—
3. Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/бизнес - сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____

—
(жеке/заңды тұлға үшін)

4. 20__ жылы асыл тұқымды өнімнің (материалдың) нақты сатып алынғаны:

1) түрі: _____

(ірі қара мал/қойлар/ешкілер/жылқылар/шошқалар/түйелер/маралдар (бұғылар)

тәуліктік балапандар

2) тұқымы (кросс), өнімділік бағыты: _____

— —

3) жас-жыныс тобы, жасы (сатушыда карантинға қою кезінде): _____

—

4) облысы, шығарылған елі: _____

5) сатушы туралы деректер (елі, сатушының атауы, орналасқан жері): _____

6) сатып алынған бас саны _____

7) субсидиялау нормативі _____ теңге

8) өтеуге жататын сома _____ теңге

Сатып алынған асыл тұқымды өнім (материал) жөніндегі статистика:

Мал шаруашылығы			
	Сатып алынған мал басы	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Өнімділіктің сүтті және етті-сүтті бағыты			
Отандық мал басының барлығы			
Аустралия, АҚШ, Канада			
Еуропа және ТМД елдері			
Өнімділіктің етті бағыты			
Отандық мал басының барлығы			
ЖИЫНЫ:			
Қой шаруашылығы			
	Сатып алынған мал басы	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Тұсақтар			
Тұқымдық қошқарлар			
Асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтар үшін тұқымдық қошқарлар			
ЖИЫНЫ:			
Жылқы шаруашылығы			
	Сатып алынған мал басы	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома

Асыл тұқымды айғырлар			
Асыл тұқымды аналық мал басы			
ЖИЫНЫ:			
Түйе шаруашылығы			
	Сатып алынған мал басы	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Тұқымдық түйелер			
Асыл тұқымды аналық мал басы			
ЖИЫНЫ:			
Шошқа шаруашылығы			
	Сатып алынған бас	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Импортты асыл тұқымды шошқалар			
ЖИЫНЫ:			
Құс шаруашылығы			
	Сатып алынған бас	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Етті құс шаруашылығы			
Отандық және шетелдік асыл тұқымдық репродукторлардан ата-енелік/ата-тектік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу			
Жұмыртқалы құс шаруашылығы			
Отандық және шетелдік асыл тұқымдық репродукторлардан ата-енелік/ата-тектік нысандағы жұмыртқа бағытындағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу			
ЖИЫНЫ:			
Марал шаруашылығы			
	Сатып алынған бас	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Асыл тұқымды бас			
		*	
ЖИЫНЫ:			
Ешкі шаруашылығы			
	Сатып алынған мал басы	Субсидиялау нормативі, теңге	Өтеуге жататын сома
Асыл тұқымды мал басы			
		*	
ЖИЫНЫ:			

Құжаттар туралы мәліметтер:

Р/с ** №	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер

1	2	3	4
1.	Асыл тұқымды жануарлар, асыл тұқымды құс шаруашылығы өнімін сатып алу-сату/лизингі шарты	Шарт(тар) нөмірі	
		Жасасу күні	
		Бас саны	
		Бірлік құны, теңге	
		Шарт бойынша сомасы, теңге	
2.	Асыл тұқымды жануарлар мен асыл тұқымды құс шаруашылығы өнімін сатып алу-сату шарты бойынша толық төлем жасалғанын және/немесе төлемнің кейінге қалдырылғанын растайтын төлем құжаттары	Құжат(тар) атауы	
		Бірлік құны, теңге	
		Барлық төленген сома, теңге	
3.	Асыл тұқымды жануардың, асыл тұқымды тәуліктік балапандар мен асыл тұқымды жұмыртқалардың асыл тұқымдық куәлігі (сертификаты)	Куәлік(тер) нөмірі	
		Берілген күні	
4.	Жануарлар мен құстарды кіріске алу актісі	Акт нөмірі	
		Күні	
		Саны, бас	
5.	Сатушыда карантинге қою және одан алу актісі	Актінің(лердің) нөмірі	
		Карантинге қою күні (дері)	
		Карантиннен алу күні(дері)	
		Саны, бас	
6.	Құсты торда немесе еденде күтіп-бағуға арналған технологиялық жабдықтың болуын растайтын құжаттар	Құжат(тар) атауы	
		Нөмірі және күні (бар болса)	
7.	Дезоксирибонуклеин қышқылы паспорттары (асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды шетелден сатып алған жағдайда)	Құжат(тар) атауы	
		Нөмірі және күні (бар болса)	
8.	Ағымдағы шоттың болуы туралы екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық почта операторының анықтамасы	ЖСН/БСН	
		Ипотекалық кредит беру индексі	
		Бенефициар коды	
		Банктің немесе почта операторының деректемелері:	
		Банктің немесе почта операторының атауы:	
		Банктік сәйкестендіру коды	
		БСН	

Ескертпе:

*субсидиялар нормативі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14813 болып тіркелген) бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына сәйкес бірақ, қолдан ұрықтандыруды қоспағанда, шығындардың 50 %-ынан аспайтын мөлшерде бекітіледі;

**р/с – реттік сан

